Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

7 желтоқсан сейсенбі
№97 (1799)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу.

Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен заманда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоңыр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт.

Адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында еліміздi басқару маған үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктеді. Мен өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымның сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмсадым.

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жалау еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торқалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктен тағылым алу үшін бүгін туған халқыммен ой бөлісуді жөн көрдім.

Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы.

Тәуелсіздікке барар қиын жолдардағы сансыз көп шайқастар мен көтерілістерде қаншама қаһарман бабаларымыз шейіт болды. Оларды еске алу, құрметтеу – біздің парызымыз. Сондықтан біз жаңа заманда қантөгіске жол бермей, қасиетті киеміз – тәуелсіздікке сабыр мен төзімділік, ақыл мен парасат арқылы қол жеткіздік.

Мен миллиондаған адамды қанға бөктіріп, қисапсыз мол қиындықтардан тұратын XX ғасырдың ортасында дүниеге келдім. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтар қатыспаса да, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығымен тыл жұмысы үшін әскерге шақырылды. Отаршыл өкіметтің өктемдігі мен зұлымдығы халықты ашындырып, төзімін тауысты. Сол кездегі Жетісу өлкесінің Қарқара, Қастек, Самсы өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістерге менің ата-бабаларым да қатысты.

Бұдан кейінгі қазақ даласын қанға бөктірген Азамат соғысы да халқымызға қисапсыз мол қасірет әкелді. Ашаршылықтың екі бірдей толқыны – 1921-22 жыл мен 1930-32 жылдардағы сұрқия саясат салдарынан орнаған зұлмат кезінде қазақтың тең жартысы қырылды. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жылдар соңында сталиндік қанды репрессия ұлтымыздың сүт бетіне шығар қаймақтарын жалмап кетті, сонымен бірге қатардағы қарапайым азаматтар да қанды қасаптан аман қалмады.

Әрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзімімен көрмесем де, әкем мен анамның өзегін мұң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап, күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп өстім. **Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген**

төзімді халық?! Көнбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұлдыр болған күннің өзінде сағын сындырмай, келешектен үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған.

Адамзат тарихына ең қанды қырғын ретінде енген екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, бала болсам да, әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сәби кезімді еске алғанда әр үйден майданға аттанған ағаларым, ер-азаматының орнын жоқтатпай, «Бәрі де жеңіс үшін» деп, бел шешпей еңбек еткен аналарым мен жеңгелерім, қаршадай күнінен өгізге жегілген соқамен жер жыртып, масақ теріп, еңбекпен көзін ашқан қатарластарым еске түседі. Менің еңбек тақырыбына жиі оралатынымның бір сыры да балалығын соғыс ұрлаған сол ауыр күндерден қалған естелікте болса керек.

Адамды қандай қиындықтан да аман алып шығатын құдірет еңбек екенін мен сәби кезімнен-ақ сезіндім. Кейінгі жастарға үнемі «Еңбек ет, отбасыңды асыра, еліңе қызмет қыл: өзің де табысты болып, Отаныңның да қуаты артады» дейтінім сондықтан.

Соғыстан соңғы кезеңдегі тың игеру, металл қорыту, болат балқыту – халық шаруашылығын қалпына келтірудің дәл ортасында жүрдік. Социализмнің артықшылығын да, кемшілігін де көрдік. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы құрамында болған жетпіс жылдықтың нәтижесі біздің елдің пайдасына шешілген жоқ.

XX ғасыр басында алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдүллә, алты миллион халықпыз» деген екен. Патшалық Ресейдегі 1913 жылғы ресми санақ бойынша, Дала өлкесінде, Түркістан өлкесіндегі қазақтарды қоспағанда, 5 миллион 597 мың халық тұрған. Демек, Ахаңның айтып отырғаны – күмән келтірмейтін ақиқат. Ал арада жарты ғасырдай уақыт өткенде КСРО-да 1959 жылы өткізілген санақта Қазақстандағы қазақтардың саны 2 миллион 787 мыңға дейін кеміп, республика халқының небәрі 30 пайызын ғана құраған.

Мен 1989 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып сайландым. Дәл сол жылы өткізілген КСРО-ның ең соңғы халық санағының деректері бойынша, Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы небәрі 40,1% ғана еді.

Азат еліміздің жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азапты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынақтар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осыдан.

(Соңы 2-бетте)

МЕРЕЙ

Өткен сенбіде облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Әмір-Темір Хүсейн Жүсіпұлының 80 жылдығына арналған «Театр – тағдыр тұмарым!» атты шығармашылық кеші өтті.

ТЕАТР ТАРЛАНЫ

Мерейлі кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мерейтой иесін құттықтап, өнер саласындағы еңбегін ерекше бағалады.

«Тәуелсіздігімізге 30 жыл болған еліміздің рухани байлығын арттырып, төл өнерімізді халықаралық деңгейде танытуда өнер өкілдерінің алар орны бар. Қазіргі таңда Сыр елінде мақтаныш етіп айтатын өнердің тұғырлы тұлғаларының тұтас ансамблі бар. Солардың сапында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал режиссер, талантты сахна майталманы Хүсейн Жүсіпұлы Әмір-Темірдің есімі ерекше аталады. Еліміздің бірнеше театрында қызмет етіп, алайда, туған жерге деген перзенттік парызын өтеу үшін Қызылорда драма театрында қалған Хүсейн ағамыз бүгінде қазақ театр өнеріндегі өр болмысты өнер иесіне айналып отыр. Оны Сыр театрының ғана емес, жалпы қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткер деп танимыз. Театрдың шығармашылық ұжымын бір арнаға тоғыстырып, сахналық өнерді толықканды етуге үздіксіз қызмет етіп келеді.

Міне, бүгін Сыр жұртшылығы, өнер сүйер қауым өзіңізбен бірге қуана тойлап жатыр. Мерейлі жасыңыз құтты болсын!», – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы мерейтой иесіне Сыр елінің өнер саласына қосқан

зор үлесі үшін алғыс білдіріп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, иығына шапан жапты.

Мерейтойлық кеште өнер майталманын КСРО және Қазақ КСР Халық артисі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның халық артисі Талғат Теменов құттықтап, оның театр өмірінде қалдырған өзіндік қолтаңбасы мен жоғары репертуарлық талғамын атап өтті. Ал ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтауын министрліктің жауапты қызметкері Гүлнафис Мырзашева жеткізді.

Шығармашылық кеште көрнекті жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков және С.Вургун атындағы Әзірбайжан Мемлекеттік орыс драма театрының көркемдік жетекшісі Мирбала Салимли бейнекұттықтауын жолдады.

Іс-шарада Алматы қаласындағы Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының артистері, Сыр өнерпаздары Самал Байсейітова мен Мақсат Мақұлбеков бастаған өнер өкілдері режиссердің өмірлік жолы мен қызметіне арналған сахна қойылымдары мен ән композицияларын орындады.

А.БАЙ

Көлік жөндейтін Айдана

Темір тұлпарды тізгіндеу әдетте ер адамға тән көрінетіні белгілі. Бірақ соңғы жылдары көлік рөлінде нәзік жандарды жиі көретін болдық. Дегенмен бұзылса тілін білмейтіндердің қатары көп. Ондай кезде барлығы көлік жөндеу орталықтарының көмегіне жүгінеді. Бүгінгі кейіпкеріміз Айдана Тәжібаева көлік жөндейді. Ол қазіргі таңда Қызылордадағы техникалық қызмет көрсету орталығында автокөлікші болып жұмыс істейді.

Айдана Қызылорда қаласының тумасы. №172 мектепті бітіріп, «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Семей қаласындағы көлік колледжіне оқуға түседі. Онда «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығын тәмамдаған. Білім беру мекемесінен жиырма алты студент түлеп шыққан. Оның алтауы – нәзік жандар. Бүгінде өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жатқан Айдана ғана.

Алғашында мамандығына айтарлықтай мән бермеген ол II курстан бастап өз мамандығына қызығады. Оған себеп – тобындағы жігіттермен бірге көлік жөндеп, темір тұлпардың қыр-сырын меңгеруі еді. Үш жыл ізденісінің арқасында оқуды үздік бітірген ол туған жерге оралған соң жұмыс іздей бастайды. Бірнеше ай шаштараз, аспаз болып та бағын сынап көрген. Дегенмен ешқайсысы көңіліне жақпай, жұмыстан шығып кетеді. Ақырында өз мамандығы бойынша жұмысшы қабылдап жатқан орталыққа ат басын бұрады. Бастапқыда тәжірибе жинақтаушы болып кірген ол айналдырған бір ай ішінде өзінің іске ептілігін, біліктілігін көрсетіп, жұмысқа қабылданады. Осылайша қызметтегі алғашқы баспалдағын Қызылордадағы техникалық қызмет көрсету орталығында автокөлікші болып бастайды.

Теориялық білімін тәжірибелік дағдымен ұштастыра білген ару Александр Пан есімді шеберден автомобильдің электр жабдықтарымен қалай жұмыс істеу керегін үйреніп, білікті мамандардың санатына қосылған.

«Көлік жөндеу, оны құрастыру ер адамның жұмысы ғой. Алғашында қызымыз үшін алаңдадық. Расында оны жұмысқа жібергім келмеді. Тіпті еліміздің мықты қалаларына қолөнер үйрену үшін жібергім келді. Бірақ қызым айтқанынан қайтпады, – дейді анасы Гүлзат Сәулебаева.

Ата-анасының қарсылығына қарамастан өз таңдауын жасаған Айдана бүгінде тәжірибелі маманға айналған. Жалақысы да тәптәуір.

– Менің бұл қызмет көрсету орталығында жұмыс істеп келе жатқаныма 2 жылдан аса уақыт болды. Міндетім – автокөліктің электр жабдықтарын жөндеу. Болашақта өз кәсібімді ашқым келеді. Бұл әзірге тек жоспар ғана. Ең бастысы, мен өз мақсатыма жеттім және тәжірибе жинақтадым, бұл арманның да жүзеге асуы бек мүмкін», – деді Айдана.

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Мен отыз жыл бойы халқымды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын.

Біз, Абай атамыз айтқандай, «ақырын жүріп, анық бастық». Соның арқасында көп салалар мен бағыттар бойынша өзгелерден озып кеттік. Енді осының мән-жайына тереңірек тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін кейбір деректі халықтың назарына ұсынғым келеді.

Кеңес Одағы сынды алып империя өткен ғасырдың 70-жылдары тарихшылар қауымы «тоқырау» деп айдар таққан күрделі кезеңге аяқ басты. Тек жоғары билік бекіткен жоспар мен қосып жазуға негізделген кеңестік экономика, жалаң ой, жадағай пікірлі коммунистік идеология қоғам дамуын тығырыққа тіреді.

Тоқырау кезінде ел экономикасында орын алған мүшкіл халді Қарағанды облыстық партия комитетінде басшылық қызмет атқарған 70-жылдардың соңында айқын аңғара бастадым. Ал мен Қазақ КСР Үкіметінің басшылығына тағайындалған 80-жылдары жағдай тіпті асқынып тұрған болатын.

М.С.Горбачевтың «қайта құруы» тоқырауға белшесінен батқан қоғамға серпіліс әкеле алмады, керісінше көпсөзділікке, жаппай жарнамалық ұрандарға жол берілді. Экономикалық базис жасалмай, асығыс басталған «бетбұрыс» жылдар бойы қордаланған проблемаларды одан әрі өршітіп, шарықтау шегіне жеткізді.

КСРО-да болған алғашқы демократиялық сайлаудың нәтижесінде іріктелген халық депутаттарының I съезі 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өтті. Бұл кезде мен Республика Министрлер Кеңесі төрағасы болатынмын. Алып одақ экономикасында орын алған мүшкіл жағдайды ашық айтуға тура келді.

Кремльдің Съездер сарайының трибунасынан мамырда сөйлеген сөзімді қаз-қалпында келтірер болсақ, онда былай деген екем: «...Қызметтік міндетім бойынша практикалық экономика мәселелерімен айналысып жүрген менің айтарым: біз бүгінде ел экономикасындағы шынайы жағдайды нақты білмейміз. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: КСРО Мемлекеттік статистика комитеті деректері бойынша, елдегі азық-түлік өндірісі артқан, бірақ сөрелер бос. Жоспарлар орындалуда, ал экономика ахуалы нашарлап барады. Неге? Мұндай «негелер» тым көбейіп кетті. Түптің түбінде экономикадағы дағдарыстың қаншалықты тереңдеп кеткенін анықтап, оны еңсерудің айқын жолын табуымыз керек-ақ.

Он екінші бесжылдық жоспары тоқыраудың ең тозған дәстүрлері негізінде жасалды».

Әрине, екі күннің бірінде «қайта құру», «бетбұрыс», тіпті «жеделдету» деп ұрандатып жатқан М.Горбачевқа «он екінші бесжылдық тоқыраудың ең нашар дәстүрі негізінде жасалды» деген сөз ұнай қойған жоқ. Тіпті регламентпен шектегісі келгендей сынай танытты. Бірақ залдың дүркірете қол соққаны оның мені тоқтатуына мүмкіндік бермеді.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей, енді тартынып қалуға болмайтынын сезгендіктен, Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайды да айтуға тура келді: «Ведомстволық өктемдік әлемдік нарықта зор сұранысқа ие шикізат ресурсына бай республикамыздың өз әлеуметтік дамуында ауыр хәлге түсуіне, экологиялық дағдарыс шегіне келіп тірелуіне әкеп соқтырды. Ыдыс-аяқ дүкеніне кіріп кеткен пілдің кебін киген министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды. Екібастұз даланы күлге бөктіруде. Мұнай өндіріп жатқандарға оның түк қайыры болмай тұр. Түрлі полигон үшін малшылар өрістерінен айырылды, ал оның өтемі туралы мүлде сөз жоқ».

Сөзімді аяқтап, залға қарасам, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің өңі сұп-сұр болып кеткен екен. Бірақ ел мүддесі, халық тағдыры талқыға түскен мұндай сәттерде аянып қалуға болмайтын еді.

Одақтың кетеуі кетіп, іргесі сөгіле бастаған кейінгі екі жыл ішінде қалыптасқан нақты жағдай тіпті ушығып кетті.

Кейін зерттеушілер «егемендік шеруі» деп айдар таққан үдеріске 1989 жылы алдымен Балтық елдері кірісіп, Кавказ елдерінде жалғасты да, артынан бүкіл Кеңес Одағын қамтыды. 1990 жылдың аяғына дейін Одақ құрамындағы 15 республика түгелдей өз егемендігін жариялап үлгергенімен, Эстония, Литва және Латвия елдерінен басқа 12 республика әлі Одақ құрамында болатын.

М.С.Горбачев қаншалықты жанталаса қимылдап, Одақты сақтап қалуға әрекет еткенімен, КСРО-ның одан әрі ыдырауын тоқтату мүмкін емес еді. Келесі 1991 жылдың 18-21 тамызында әйгілі «тамыз бүлігі» болды. Бұл Кеңес Одағы басшылығының дәрменсіздігін күллі әлемге танытты. Соның нәтижесінде 1991 жылдың тамыз-желтоқсан айларында қалған республикалар түгелдей өз тәуелсіздігін жария етті.

Саясаттың қызуы көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей тәртіпке негізделген орталықтағы басшылықтан береке кеткен сол тұста Қазақстан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орны толмас трагедияға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді.

Біз ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жеңдіріп, үнемі әліптің артын бағып, аңысын аңдумен болдық. Маған батылырақ қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осылайша **1991 жылдың 1 желтоқсанында ел тарихындағы тұңғыш Президенттік сайлау өткізіліп, онда халықтың 98%-дан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, еркін қимылдауыма жол ашты.**

Сайлаудан 2 күн өткенде – 3 желтоқсанда Алматыға М.Хофф бастаған Еуропа Парламентінің үлкен делегациясы келіп, Қазақстанның жаңадан сайланған Президенті ретінде мені ресми сапармен Брюссельге келуге шақырды. Бұл да бізге үлкен демеу, халықаралық деңгейдегі қолдау болды.

Біз тәуелсіздікті жариялауға дайындықтың соңғы, шешуші кезеңіне де келіп жеттік. 8 желтоқсанда Б.Н.Ельцин, Л.М.Кравчук және С.С.Шушкевичтің қатысуымен Белоруссияның Беловежьесінде өткен кездесуде Кеңес Одағының «халықаралық құқық пен геосаяси жағдай субъектісі» ретінде өмір сүруін тоқтатқаны туралы мәлімдеме жарияланды. Мен Ельцинмен, Кравчукпен, Шушкевичпен жүздесу үшін шұғыл түрде Мәскеуге ұштым, мұндай кездесу күні бұрын жоспарланған еді, бірақ шақырылған үшеуі де келмей қалып, кездесу болмай қалды.

Бұдан кейін кеңес және шетелдік баспасөз өкілдерімен Мәскеуде өткізген баспасөз мәслихатында: «КСРО құрамына енген барлық республикалардың тәуелсіздігін мойындап, олардың тез арада Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуына көмектесу керек», – деген пікірімді ортаға салдым.

Желтоқсанның 12-13 жұлдызында Ашхабадта Орталық Азия республикаларының басшыларымен бас қосып, жағдайды саралай келіп, біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына тең құқылы мүше болуға әзір екендігіміз жөнінде ортақ мәлімдеме жасадық. Ертеңінде көптен күткен күн туып, Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 14 желтоқсанында өткен 12-шақырылған 7-сессиясының талқылауына «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң шығарылды.

Еліміздің жетекші заңгерлерінің қатысуымен алдын ала сараланып, сараптамадан өткізіліп, қапысыз даярланған заң бірден-ақ мақұлдануға тиіс болатын. Оның үстіне өзге республикалар мұндай заңдарын әлдеқашан қабылдап қойған. Бірақ жағдай біз күткеннен басқашалау болып шықты.

Жоғарғы Кеңес залында вице-президент Е.М.Асанбаев қатысып отырғанымен, мен талқылауды кабинетімдегі байланыс арқылы жіті бақылап отырдым. Әлі есімде, күн тәртібі жария етілісімен-ақ бір депутат: «Біз кімнен және неден тәуелсіздік алғалы отырмыз?! Өзіміз 70 жыл бойы сөгіп келе жатқан ресей империясы үлгісімен енді қазақ империясын құруға ұмтылып жатқан жоқпыз ба осы?», – деп арандатушылық пиғылдағы сұрағын бастап кетті.

Көп ұзамай тағы бір депутат оны қостай түсіп: «Біз тәуелсіз мемлекет жариялау мәселесін талқылаудамыз. Ертең таңертең 17 миллион халықтың тең жарымы – орыстілді қауым бөтен мемлекеттің азаматтары болып шыға келмек. Жолдастар, бұлай етуге болмайды ғой», – деді.

Ал енді бір «халық қалаулысының»: «Тек қазақ қана Қазақ КСР-інің немесе Қазақстан Республикасының Президенті бола алатыны жөніндегі ұсынысты маған қатысты алғанда азаматтық теңқұқылыққа жасалған қиянат деуге бола ма, жоқ па?», – деген сұрағына орай депутат С.Сартаев оған қазақ елінің Президенті «мемлекеттік тілді және ұлтаралық келісім тілін қатар меңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті.

Мен әдейі, этика сақтап және ол уақыттың алыста қалғанына, заманторешті бәрін әлдеқашан өз орнына келтіргеніне байланысты қазір олардың атын атап, түсін түстеуді жөн көрмедім.

Әрине, олардың мұндай «батыл» сөйлеуінің ар жағында қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екенін де бірден аңғардым. Бірақ маған қателесуге де, ашуға бой алдыруға да болмайтын еді. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаттары, ел ағалары, белгілі заңгер, ғылым қайраткерлері С.Зиманов, С.Сартаев, Ә.Кекілбаев, М.Қозыбаев, Ө.Жолдасбеков, т.б. депутаттардың орнықты, дәлелді жауаптарына қарамастан, заң жобасын екі күн бойы талқылаған депутаттар ортақ мәмілеге келе алмады.

Талқылау әбден тығырыққа тірелген кезде 16 желтоқсан күні түстен кейін мен Жоғарғы Кеңеске келіп, депутаттарға мән-жайды өзім түсіндіріп, олардың бұл шешімін бүкіл Қазақстан халқы, күллі әлем жұрты күтіп отырғанын былайша жеткіздім: «Бұл заңды қабылдауымыз керек, өйткені жалғыз біз ғана қалдық. Көпұлтты Қазақстан халқының алдында біздің арымыз таза. Бұл – барлығы әр сөзіне үңіле отырып оқитын маңызды заң. Менің сайлауалды бағдарламам, біз шешкелі отырған барлық мәселелердің түйіні – осы. Басты мәселе – мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі. Артық шұйілігудің, ешқандай мән-маңызы жоқ сөздерді қосудың қажеті жоқ. Заңды осы күйінде басым көпшілік дауыс арқылы қабылдау керек деп санаймын. Баршаңыздан осыған бейілділік білдірулеріңізді сұраймын».

Осы сөзден кейін қарсы сөйлеген депутаттардың біразы сабасына түсіп, заң жобасы көпшілік дауыспен қабылданды. Бұл бәріміз көптен күткен айшықты мезет, тарихи оқиға еді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Алдын ала ойластырумен, зор ұйымдастырушылықпен, қапысыз дайындықпен жүзеге асты.

Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын.

Тәуелсіздікті жариялау оңай емес, оны бүкіл әлемге мойындату одан да қиын еді. Мен Қазақстан тәуелсіздігінің осындай биік деңгейде мойындалуын да алдын ала ойластырып қойған едім.

Бірнеше ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы келісудің нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңінде елімізге ресми сапармен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкердің өзі келді. Бұл оның Қазақстанға екінші сапары болатын. Осы уақыт ішінде екеуміз өзара сенімге негізделген достық қатынас орнатып үлгерген едік. АҚШ-тың сыртқы саясатына жауапты тұлға Қазақстанды тұңғыш Президент сайлауымен, тәуелсіздік жариялауымен шын жүректен құттықтады. Бұл ақпаратты онымен бірге келген шетелдік журналистер қауымы АҚШ пен Батыс елдеріне сол сәтте-ақ таратып жіберді.

Оқиғалар ағыны қарқын ала түсті. Экономикалық ынтымақтастықты сақтау үшін 21 желтоқсан күні Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Молдова және Қазақстан президенттері бас қосқан кездесуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде келісімге қол қойылды. Саммит Қазақстан тарапының бастамасымен Алматыда өтті. Бұл бір кездері «КСРО құрамына енген республикалардың ендігі тағдыры қалай болады, кімнің жетегінде кетуі мүмкін?» деген әлем мемлекеттерінің алаңдаушылығын сап тиып, Достастық мемлекеттерінің бірлестігі пайда болды.

Тәуелсіздік осындай «тар жол, тайғақ кешулер» мен «соқтықпалы, соқпақты замандардан» аман өтіп, өзінің арналы жолын тапты.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз береке-бірлікке, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге асырдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының қадірін білуіміз керек. «Бірлігі бар ел озады», – дейді дана халқымыз.

Біз дамудың даңғыл жолына түскенде өзіміз сияқты тәуелсіздігін жариялаған Грузия, Әзербайжан, Армения мемлекеттерінде, өкінішке қарай, соғыс өрті тұтанып, Приднестровье Молдовадан бөлініп кетті. Тәжікстанда азамат соғысы өршіп, бауырлас қырғыз елінде дүркін-дүркін дүмпулер мен қақтығыстар орын алып, сол жылдары басталған келіспеушіліктер әлі күнге дейін жалғасып, елдің берекесін алып қана қойған жоқ, экономикасын да тұралатып, жылдар бойы алға дамуын тежеді. Украинаның оңтүстік-шығысындағы осы күнгі жанжалдың төркіні де тоқсаныншы жылдардан келе жатқан алауыздықтардан басталды.

Ынтымағы жарасқан елдің табысы тасып, абыройы асады. Берекесі қашқан елдің қуаты кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз ғасырларға бергісіз даму жолынан өттік. Ауыз толтырып айтар табыстарымыз да аз емес.

Тәуелсіздік жариялаған соң жүйелі саяси реформаны қолға алдық. Осыдан жиырма бес жыл бұрын бүгінгі барлық жетістіктерімізге берік заңнамалық іргетас болып қаланған Ата заңымыз – жаңа Конституциямызды қабылдадық. Бүкіл халық болып талқылаған бұл құжат ел даналығы мен ынтымағының, береке-бірліктің іргетасына айналды.

Дүниеде экономикалық даму мен демократияның алуан формасы болса да, оның дәл сол күйінде көшіріп ала қоятын ортақ үлгісі жоқ. Біз әлемдік тәжірибені қорытып, өз ерекшеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп «Қазақстан – 2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген межелі көрсеткіштерді мерзімінен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан – 2050» бағдарламасын жасадық. Әлемдік саясаткерлер мен сарапшылар «Қазақстан жолы» деп жоғары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды.

Біздің жұрт – тамырын жеті қат жер астына жіберген алып бәйтеректей өзінің күш-қуатын ғасырлар бойы Ұлы дала төсінен алған байырғы халық. Бабаларымыз бізге мұра қылып ұланғайыр жер қалдырды. Бірақ ол кешегі патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен ресімделмеді.

Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетуім керек. Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен арадағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айналды. ҚХР-мен шектес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көршілес елдердің сындарлы ұстанымда болуына септігін тигізді.

Біз Ресейдің және оның президенті В.В.Путиннің, Қытай басшылығының тарихымыздағы сол маңызды сәтте көрсеткен қолдауының әрдайым қадірін біліп, ризашылықпен есте ұстауға тиіспіз.

Келіссөз барысында өзара түсіністік пен тараптардың мүддесіне деген құрмет ахуалын қалыптастыра отырып, біз жүйелі түрде халықаралық келісімшарттар жасасып, мемлекеттік шекарамызды түпкілікті айқындап алдық. Солайша, бабалар аманатын орындау үшін және күндердің күнінде өз ұрпағымыздың алдынан бұдан да ауыр қиындықтар шықпауы үшін түйткілдер мен кедергілердің бәрін еңсеріп, қолға алынған істі ақырына дейін жеткіздік.

Жер дегеннен шығады. Кеңес Одағы тұсында қазақтың ұлан-байтақ жерінің әр тұсы жантұршігерлік атом жарылыстары жасалған түрлі әскери полигондар мен базаларға, зертханаларға айналды. Тек бір ғана Семей полигонында 456 ядролық, термоядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы ашық атмосферада жарылып, халқымызға орасан зор зиянды зардаптар әкелді. Қазақстан ғалымдарының есебінше, Семей полигонында жарылған атом бомбасының жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан екі жарым мың есе артық екен. Мен осы тажал полигонын 1991 жылдың 29 тамызында жаптым.

Қазақстан тәуелсіздік алғанда біздің аумағымызда континентаралық баллистикалық ракеталарға арналған 1216 ядролық оқтұмсық болды. Бұл әлемдегі төртінші ядролық әлеует еді.

Біз атом қаруынан өз еркімізбен бас тартып, бүкіләлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Бұл – Қазақстанның жаһандық бейбітшілікті сақтауға қосқан теңдессіз үлесі.

Тәуелсіздігімізді жариялағанда біздің өз валютамыз да жоқ еді. Әлемдік қаржы нарығын мұқият зерттей келіп, ұлттық теңгемізді де дер кезінде айналымға енгіздік.

«Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертеңін ойлаған ел ғана озады. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден тарылмауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды.

Біздің еншімізге тарихымызда өз ауқымдылығы мен қиындығы жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген жобаны жүзеге асыру – Сарыарқаның төріне, ерке Есілдің бойына ел қондырып, жаңа да әсем елорда салу мәртебесі бұйырды.

Астананың қарыштап дамуы еліміздің өзге өңірлерінің өркендеп өсуіне серпін берді. Шымкент халқының саны миллионнан асқан республикалық дербес үшінші қала қатарына қосылды. Екі мың жылдық тарихы бар көне Түркістан кейінгі екі жылдың ішінде айтарлықтай өзгеріп, әсем шаһарлардың біріне айналды. Еліміздің өзге өңірлері мен ірі қалаларын да дәл осындай болашақ күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламын.

Егемендіктің елең-алаңында-ақ мен Қазақстанға экономикалық жаңғыру, инфрақұрылымды жаңарту және шикізатқа тәуелділіктен құтылу қажет екенін түсіндім. Бірақ тек үшінші онжылдықтың басына қарай, ресурс пен тәжірибе жинақтаған соң ғана біз бұл қиын істі жүзеге асыра алдық.

Біз индустрияландыруға және өз өнеркәсіп базамызды дамытуға иек арттық. Сол мақсатпен Индустриялық-инновациялық дамудың үш бағдарламасы қабылданды, 9 триллион теңге сомасындағы 1500 жоба енгізілді. Қазақстан бұрын өндірілмеген өнімдер – электровоз, автобус, автомобиль, теміржол вагондары, трансформаторлар және басқа да 500-ден астам өнім түрін шығара бастады.

Жолдар мемлекеттің көлік саласының қан тамыры қызметін атқаратыны белгілі. Небәрі 10 жыл ішінде біз 14 мың шақырым автомобиль жолын және 2,5 мың шақырым теміржол салдық, ірі әуежайлардың бәрін, теңіз бен құрлық порттарын қайта жаңғырттық. Соның нәтижесінде теңізге шығатын жолы болмаған Қазақстан Еуропа елдеріне, Парсы шығанағына, Үнді, Атлант және Тынық мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігіне қол жеткізді және еуразиялық трансконтиненталды көлік көпіріне айналды.

Тәуелсіз еліміздің басты байлығы – адам. Мемлекетіміздің тірегі де, алтын діңгегі де – Қазақстан халқы. Мен бойымдағы қуат, қызметімдегі тәжірибе, ойымдағы нәр – бәрі-бәрін халқыма қызмет етуге жұмсап келемін.

Сол үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері тағдыр талайымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған миллионнан астам қандастарымызды атамекенге алдырдым. Бұл айтар ауызға ғана оңай. Жер бетінде халқының саны миллионға жетпейтін қаншама мемлекет бар. Біз осыншама қандастарымызды шет елдерден алдырып қана қоймай, басына – баспана, өзіне – жұмыс, ұрпағына білім бердік. Бұл іс әлі де жалғасын таба береді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болғанын ұмытпауымыз керек.

Еліміз тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде көптеген қиындықты еңсеріп, ұланғайыр табыстарға қол жеткізді. Алда алар асуларымыз бен бағындырар биіктеріміз де, ықтимал сын-қатерлер де аз емес.

Міне, екі жылдан бері дүние жүзі алаң күй кешуде. Коронавирус дертінен туындаған пандемия әлемдік экономиканы ғана емес, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды, ғылым мен технология дамуын, жалпы адамның ойлау жүйесін айтарлықтай өзгертті. Ең алдымен, адамзатқа ортақ індет даму деңгейіне қарамастан ел мен елдің экономикасы мен технологиясын жақындастырып, бір-бірімен ынтымақтастыра бастады. Соның негізінде жаңа жаһандық экономикалық парадигма қалыптасты.

Жақында Нобель сыйлығының түрлі ғылым саласындағы лауреаттарының үлкен бір шоғыры «Біздің ғаламшар, біздің болашағымыз» саммитінің қорытындысы бойынша әлем мемлекеттеріне үндеу жасап, пандемия адамзат дамуына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең үлкен апат болып енгендігін атап көрсетіп, онымен бүкіл дүние жүзі бірлесе күресуі керектігін алға тартты. Олар: «Егер осы бесжылдықта трансформациялық шаралар қабылданбаса, адамзаттың болашағына ауыр қатер төнетін болады... Қоғамның ең кедей және маргиналданған топтары мейлінше әлсіз жіктер күйінде қала береді», – деді.

Бұл менің осыдан тура 30 жылдай бұрын, 1992 жылдың 5 қазанында, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен айтқан ұсыныстарыммен астасып жатыр. Біз сол кезеңнің өзінде әлемнің ең бай мемлекеттерінің әскери-соғыс мақсатына қарастыратын шығындарының 1%-ын бөлу арқылы адамзатқа айтып келмейтін, төтенше апаттарға қарсы күресудің халықаралық қорын жасауды ұсынған едік. Әңгіме ол кезде БҰҰ-ның бітімгершілік күштері туралы болған еді, бірақ, біріншіден, маңыздысы идея және ұжымдық әрекеттестіктің тетігі болатын, екіншіден, түрлі елдерде тәулік сайын жүздеген-мыңдаған адамды баудай түсіріп жатқан пандемияның соғыстан несі кем?

Егер дәл сол кезде мен ұсынғандай қор жасалған болса, қазіргі пандемия жағдайында кедей мемлекеттерге коронавируспен күресуге және оның зиянды зардаптарын жоюға бағытталған шараларды ұйымдастыруға мол мүмкіндік туған болар еді.

Пандемия әлемді жаңа күшке, жетекші тенденциялар мен алдағы қауіп-қатерлерге негізделген жаңа геосаяси трансформацияға бастады. Тұтқиылдан келген індетке қарсы күресте жұртқа ақпарат пен сандық жүйеге негізделген жаңа технология көмек қолын созды. Бұл еңбек нарығына айтарлықтай жаңа өзгерістер әкелді.

Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Кристофер Писсаридес төртінші индустриялық революция барысында роботтар біртіндеп адамдар қызмет ететін мамандықтардың басым көпшілігін алмастыратын болады деген болжам жасаған еді. Сол болжам енді келді. Жаһандық технологияландыру нәтижесінде қазірдің өзінде ақпараттық технология, робот техникасы, синтетикалық биология, бионика, нанотехнология, жасанды интеллект саласында бұрын санаға да сыймайтын революциялық өзгерістер орын алып жатыр. Әлемде биоинженер, робот техникасы инженері, киберқауіпсіздік маманы, нейромаркетолог, космобиолог, урбанист-эколог, биофармаколог, агрокибернетик, метеоэнергетик сияқты жаңа мамандықтарға сұраныстар барған сайын арта түсуде.

Біз кезінде «ЕХРО-2017» көрмесін өткізіп, жасыл энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалық энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде. Осы үдерістен қалмауымыз керек.

Жаһандық жаңа трендтердің қатарында болу үшін біз «Болашақ» бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен ғасырдың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкөрісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін.

Кейіннен әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері желісі, ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға арналған «Астана-хаб» халықаралық технопаркі ашылды. Біздің жастар осындай ілгерішіл өзгерістердің көш басында болуы қажет.

Осыдан екі жарым жыл бұрын елімізде президенттік билік ауысты. Маған: «Ата заңымызда Сізге ешқандай шектеулілік жоқ. Соңғы сайлауда халықтың 98%-ына жуығының қолдауына ие болдыңыз. Қызметіңізді атқара беріңіз», – деушілер аз болған жоқ. Бірақ әр нәрсе өз ретімен болуы керек.

Отыз жылға жуық ел басқарған кезімде мен жаныма қаншама азаматты серік етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледім. Солардың ішінде Үкімет басқарған, Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары ретінде жаһандық саясатқа жетіктігін танытқан, **тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қасымнан табылған нағыз патриот, жоғары білікті кәсіпқой тұлға Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Президенттік қызметке ұсындым.** Сайлауда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Осылайша, біз халқымыздың ауызбірлігін, саясаттағы сабақтастығымызды күллі әлем қоғамдастығына тағы бір қырынан таныта білдік.

Халықтан кім асырып айтқан?! «Дирменнің тасындай дөңгеленген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысады, бірақ Тәуелсіздік мәңгілік болуы керек. Әр қазақстандық алдағы уақытта оның тұғырын нықтап, еңсесін тіктеп, абыройын асыруға қызмет етуге тиіс. «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мақсаты осында. **Ең бастысы – еліміз аман, ұрпағымыз азат. Біз алақанға салып өсірген сол азат ұрпақ ендігі жерде «Мен Қазақстаныма не беремін?» дегенді ойлауы керек.**

Біз өзіміздің толағай табыстарымыз арқылы тәуелсіздікке сенбегендерді иландырдық, көнбегендерді қатарымызға тарттық, әлем мойындаған абыройлы мемлекетке айналдық.

Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екендігіне кәміл сенемін.

Тәуелсіздікке берік іргетас болып қаланған бабаларымыздың асыл мұраты – ерлік пен елдігімізден күш-қуат алып, әрдайым алға баса берейік, ағайын!

Egemen Qazaqstan
№232 (30211)
6 желтоқсан

Соңы. Басы 1-бетте

СӘРКЕ БАТЫР

Еншімізге егемендік тигелі сан тарапқа даңғыл жол ашылып, кем-кетіктің түгенделгені белгілі. Соның ішінде түрлі мүдделердің орайына сай түрленген қазақ даласындағы шайқастар жайы қайта қарауды қажет ететін олқылықтың бірі еді. Себебі көптеген оқиғаларда қақтығыстың өткен орны, соғыс нәтижесі, хронологиялық шеңбері, кейіпкерлердің нақтылы есім-сойы секілді сұрақтар ашық қалатын. Тәуелсіздік алған шақта ой-мұратымызды бүкпесіз жеткізіп, шындықты ашық айтуға мүмкіндік туып, мұрағаттағы ақпарлар жарыққа шыққаны тағы бар. Міне, осындай артықшылықтар батырлар жолын зерттеуде жылдар бойы бөгет болған кедергілерді бір сәтте еңсерді. Тұлғалар мәліметі молайып, тың мағлұматтар аясы кеңіді. Жалағаш өңірінің баһадүрі Өміркүл баласы Сәрке батыр туралы ақпар да соңғы уақытта көп жарияланған мәлімет қатарында. Отандық ғалымдар мен қаламгерлер ізденген халық қаһарманының өмір бедері уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашылып, тың оқиғалармен толығып келеді.

XVII-XVIII ғасырлардағы Ұлт азаттық қозғалысы қолбасшыларының бірі болған Өміркүлұлы Сәрке батырдың есімі қазаққа жақын таныс екені анық. Әкесі Өміркүл кіші жүздің жетіруындағы табынның Есенбай аталығынан шыққан дәулетті бай болған екен. XVII ғасырдың 90-жылдарында қазіргі Ташкент қаласының төңірегінде жаз жайлауда отыратын Өміркүл байға мыңғырған мал қонытты деседі. Ел арасында Өміркүл байдың жылқысының көптігі аңызға айналыпты. Шыршық өзені бойын мекендеген сәтінде өзеннің төменгі ағысындағы жұрт аяқ астынан өзен суы сарқылып қалса, Өміркүл байдың малы суға құлаған екен деп түсінетін болған екен дейді.

Тіпті бір деректерде Өміркүл байдың сансыз жылқысынан Әз Тәуке ханның әскеріне ат әзірлейтіні айтылады. Ол да оңай шаруа емесі анық. Жылқыны тай күнінен тасқа байлап, әбден әскери әдіске, мініске үйреткеннен кейін «бестісінде» ханның өкілдері арнайы таңба салып, сыннан өткенін сатып алып отырған көрінеді. Содан бір күні Өміркүл бай хан ордасына бармаққа бекініп, даярлық жүргізіпті. Төрт түлік малдан кеңестегі билерге сыбаға даярлап, саба-саба қымызын жібереді екен. Ақырында Өміркүл бай түрлі сияпат алып, Ордаға аттанады. Ордадағы Пір Мүсірәлі сый-сияпатты қабылдап, халыққа теңдей бөліп бергеннен кейін Өміркүл байдың бұйымтайын сұрапты. Сонда Өміркүл бай ризық-несібе беруші Аллаға разы екенін жеткізіп, өзінен туған балалары малға ие болғанымен, қол бастайтын батыр ұлдың керектігін айтыпты. Сол сәтте Мүсірәлі әулие Аллаға сыйынып: «Сәркедей ұл берді, ел бастайтын, Қарқарадай қыз берді, көш бастайтын. Аллаға разы бол» деп бетін сипапты дейді. Сәлден кейін: «Алла қосса, келер жылдары балалы боларсың, ұлдың атын Сәрке, қыздың атын Қарқара қоярсың. Алланың ризалығымен Сәркеге бересің» деп қолына «жасыл» туды ұстатыпты.

Аталған оқиғаны Шоңбай Жұбанұлының шежіресінде былай тарқатады:

– Өтеуден туған екен Өміркүл бай,
Асулы ет қазанында, қайнаулы шай.
Қареке, Қалман менен Құлшық туып,
Сәркені үшеуінен көріпті жай.
Былайғы үш баласы момын болып,
Әркімдер бір билепті олжасындай.
Осыны Өміркүл бай азар көріп,
Сопыны мазалаған барып қоймай.
Келеден бура, жылқыдан айғыр алып,
Тірілей тізіп барған бірін соймай,
Тілегің осы болса депті Пірі,
Қыз бердім қол бастайтын Қарқарадай.
Ұл бердім ел бастайтын Сәрке деген,
Кідірмей қайт депті енді мазамды алмай.
Сол Сәрке батыр болды жұртқа мәлім,
Талайдың кетірген ол суға салын.
Қалмақпен, Қоқан менен Қарақалпақ,
Күйзелтіп олжа етіп алған малын.
Қалмақпен қарсыласып неше жылдай,
Айдатып алған екен жан мен барын.
Әз-сопы Мүсірәлі бергеннен соң,
Дұшпанға тарттырыпты қайғы-зарын, – деп көркем бейнелепті.

Сол сапардан Өміркүл бай көңілді оралып, әулие Мүсірәлі айтқандай, көп ұзамай әйелі қыз туып, қыздың атын Қарқара, онан соң ұл босанып, атын Сәрке атапты. Өміркүл бай баласы Сәрке мен қызы Қарқараға қазақи тәрбие беріп, Бұхара мен Үргеніштен оқымысты кісілер алдырып оқытқан екен. Балалар да ақылды, зерек, оқымысты болып өседі.

Бай балаларды түрлі өнерге, дағдыға машықтандырып, баулиды. Тіпті қаз тұрып жүргеннен бастап ат арқасына айылдап таңып, ашамайға отырғызады. Уақыт өте екеуі де ат құлағында ойнайтын нағыз шабандоздар болыпты.

Күндердің-күнінде Өміркүл бай Алаштың ең қадірменді ақсақал-қолбасшылары қарт Текей батыр мен Әз Тәуке ханның жасынан тәрбиешісі болған «Аталық» Бидас батырды қонаққа шақырған екен. Өміркүл бай Текей мен Бидасты бірнеше күн аялдатып, қонақтарға ауыл балаларының өнер-білімдерін көрсетіп, көңіл сергітеді. Әсіресе, Текей, Бидас ақсақалдар Сәрке мен Қарқара қыздың өнер-білімдерін қызыға тамсаныпты. Екі баланың келешегіне үміт артып, артынша Ордадағы әскери мектепке алдырады.

Мұнда да атақты қолбасшылар соғыс айла-тәсілін үйретсе, ғылым, сопылық ілімнің қыр-сырын ұқтыратын оқымыстылар да дәріс беретін көрінеді. Мектеп қабырғасында тәлім алған Әбілқайыр, Абылай, Бөкенбай, Есет, Сәрке, Есенгелді, Бәйтен, Сәлтеке, Тайлақ, Майдан, Рысымбет, Қабай, Кеген, Жәнібек, Қожаберген, Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай секілді қолбасшылар мол тәжірибе жинаған деседі. Бұл мектепті алғаш ұйымдастырушы әз Тәуке ханның тәрбиешісі Бидас «Аталық» болатын.

Осылайша, мектепті бітіріп, сардар дәрежесін алған Сәрке мен Қарқара қыз соғыс өнерінің қырсырын толық меңгереді. Тіпті кей деректерде Қарқара қыз талай шайқастарға қатысып, қол бастаған деген де ақпар бар. Қайсар қыз кейін өздерімен қыз алысатын Табын руынан шыққан жігітке ұзатылып, Барақ, Асау атты қазақ батырларын дүниеге әкелген.

Енді бірде Сәркеге еншілес «жасыл» туралы мына бір қызық ақпаратты саралған жөн секілді. Жасынан ақылды болып бой жеткен Қарқара қыз 17-ге келгенде «Қарақойлы» табында Сатыпалды дейтін бай Өміркүл байға құда түсіп, Қарқараны алады. Онда Қарқара ұзатылар алды еркелікпен Мүсірәлі әулиенің Сәркеге арнап берген жасыл туын жасау ішіне салып өзімен алып кетеді.

Сәрке болса бұл жайдан хабарсыз жүре беріпті. Күн өткен сайын күші артқан бозбала қатарластарымен ойнаса, мертіктіретін қуатқа ие болған екен. Сондай сәттердің бірінде, мертіккен баланың шешесі баласына ара түсіп, Сәркеге:

– Босқа алысып, қағынғанша, ана Қарқараның жасауымен кеткен туыңды барып алмайсың ба?! – депті ашынып.

Содан мәселенің мән-жайына қаныққан Сәрке жасыл туды іздеп, Сыр елінен Ақтөбедегі апасы Қарқараның ауылына аттанады. Сағынысып табысқан бауырының шаңырағында біраз уақыт болып, кейіннен Қарқараға Сәрке Мүсірәлі әулие берген жасыл туды алып кетуге келгенін айтады. Сол сәтте әпкесі інісіне қасиетті туды табыстаған көрінеді.

Қазақ тарихындағы қаралы жыл саналатын «Ақтабан шұбырынды» кезеңін Сәрке батыр бастан-аяқ өткерді десе де болады. 1720-1730 жылдар шамасында қалмақ бектері Жоршын мен Тайшы бастаған 35 мыңдық қалмақ қолы шегінген қазақ қолын өкшелеп, қазіргі Жезқазған өңіріндегі Білеуті, Бұланты өзендерінен өтіп, Қарақұмның «Ұлы құмындағы» жықпыл-жықпыл құмына таяйды.

Бұл жау қолын құмға енгізуді жоспарлаған Әбілқайыр ханның құрған тұзағы еді. Себебі «Ұлы құмда» еркін кескілесуге қолайсыз аймақ болғанымен құнды-тұғын. Тау болып үйілген құмдар қалмақтардың амалын құртып, мұндай жағдайда шайқасуға дайын емесін көрсетеді. Мұндай ахуалды тиімді пайдаланған Әбілқайыр хан кеңес жүргізе отырып пайдалы әдіс қолданады.

Сонда Әбілқайыр Сәрке батырмен оңашада баһадүрге қол астындағы кіші жүз жетіру қазақтарынан құралған жеті мың әскерімен тосқауылда қалуын бұйырады. Хан: «Сәрке батыр, мына қалың қалмақты он екі күн осы жерден жылжытпайсың. Құдай қалап, амандықта болсам, мен де жетермін» депті. Сонда Сәрке: «Хан, он екі күнің ұзақ қой, біздің жаназамызды шығарып кет» уәж айтыпты. Сол жерде Хан Әбілқайыр осы жердегі молдаға жеті мың адамның жаназасын тірілей шығартады.

Сәрке күрең жүзді, күрең көзді, күрең қызыл шашты, сом-сом денелі шырайлы жігіт болды. Қорқуды білмейтін, жеке-дара ер болатын. Әбілқайыр хан Табын Бөкенбай батыр мен Тама Есет батырды кеңесші ағалыққа даярлады. Елубасылар қара Кете Ұлтай мен Кегенді жүз адамымен, Қаратамыр Есенгұлды елу адамымен, Кішкене Шекті Киікбайды елу адамымен, Алтын Сәлтекені екі жүз адамымен, Табын Бәйтенді Сәрке батырдың жанпейіл қорғаушысы етіп қалдырады. Қалған әскерімен Әбілқайыр Арқадан ауып, Қарақұмның қойнына кірген, одан әрі Жаңадария, Сыр бойына еніп кеткен. Аралдың қолтық-қолтығындағы қазақ жұртының артынан ат шаптырып, кеудесінде жаны бар қазақ маған жетсін дейді. Нұрадағы Алтықұдық, Қыземшек, Бәйбіше тауының етегіне ту тігеді. Осы жерде отырып, әскер жиып қанды соғысқа дайындық жүргізеді.

Көнекөз қарттардың айтуынша, Сәрке батыр өзі тосқауылда қалған «Шилі» деген жерде қалмақтың сілесін қатырып, қаша ұрысқа салған екен. Оларды құмға обықтырып, артынан орағыта тиіп, бірден көп әскер жұмсауға мүмкіндігі жоқ төбе-төбеге тығып, сілесін қатырыпты. Сонда барып Жоршын мен Тайшы көп әскерге жолықтық деп құмға кіріп, арандап қалғанын бірақ сезеді. Ендігі амал ретінде қалмақтар әскерін Бұланты, Білеуті өзендеріне қарай бұруға қам жасапты. Сол сәтте Сәрке батырдың әскербасы батырлары қалмақтың алдын орап, еркін шегінуіне мүмкіндік бермей, дамылсыз он екі күн соғыс өткізеді. Қалмақ қана емес, қазақ әскерінің де қатары сиреп, он бес күн уақыт өтеді. Амалы құрыған қалмақтар бас-көзге қарамай тымтырақай қашыпты. Бір кезде Жоршын мен Тайшы Бұланты өзенінің жағасындағы биік төбенің басынан майдан даласына қарап тұрып, азғантай қазақтың қалмаққа бөрідей тиіп жүргеніне таңдай қағады. Осылайша қазақ әскері Сәркенің қалмақ қолымен соғысқанына он жетінші күнге ауады. Кейін Бұланты өзеніндегі Сары Төбе «Сәркенің сары төбесі» аталып, ақ тас қойылған екен.

Шайқас кезінде Сәрке батыр соңғы шабуылға өтіп, қалмақтың қалың әскерін жайпай Сары төбенің басындағы қалмақ бектеріне беттепті. Жете жығылған Сәрке батырды Төбе басында тұрған Жоршынның қақ жүрегінен көк сүңгіні қадап үлгеріпті. Сол мезетте қамыстың артына жасырынған қалмақтың арнайы жасақ мергендері Сәркенің арқа тұсынан атып, өлтіреді. Осылайша тірісінде жауырыны жерге тимеген баһадүр жау атқан жебеден шайқас үстінде Қарақұмның «Сәрке Ақшиі» деген аймақта мерт болады. Батырдың денесін бастапқыда Қарақұмға уақытша қойылғанымен, кейіннен табын руының теке аталығынан шыққан Жүзжасар билер мүрдені қазіргі Қорқыт ата қорымына қайта жерлепті. Қазіргі таңда сол қорымда Сәрке батырмен бірге оның ұлы Ағайдар, немересі Байқадам мен шөбересі Сейіл батырлар жерленген.

Орайы келгенде айта кетейік, Сәркенің немересі Байқадам батыр Мәскеу хандығына дейін беделі жүрген даңқты би әрі батыр болған. Ал Байқадамнан тараған Сейіл батыр мен Бұхарбай батырдың ерлігі мен азаттық жолындағы жойқын жорықтары жөнінде тарихи жазбалар көптеп кездеседі. Баһадүр қаһармандар туралы Жайық Есіркепұлының «Сәрке батыр», Мәдібай Байтөреевтың «Байқадам батыр», Жақсылық Адамбаев пен Раушанбек Смағұловтың «Киелі жерім – Ақсуым» атты тарихи кітаптарында толық баяндалып, кеңінен таныстырылған. Содай-ақ Камал Бердаулетов, Ахат Жанаев, Арыстанбек Қонысұлының «Азаттық қозғалысы және Сәрке батыр», Майдан Түйімбетовтің «Табын Өміркүл бай» тақырыбындағы мақалаларда қаһарманға қатысты жаңа мәліметтер ұшырасады.

Сонымен шайқастың он жетінші күн дегенде Әбілқайыр хан да әскерімен жетеді. Алайда Сәрке батырмен майданға кірген әскерден санаулы сарбаз ғана аман қалған екен. Әбілқайыр хан жетісімен батырға қарсы келуге батылы жетпей, ту сыртынан оқ атқан қалмақ атауын (Қалмаққырылған) жарға жығып, қынадай қырады. Осы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, айтулы жеңістерге жол ашады. Бұл ұрыс тарих беттерінде «Қалмаққырылған» шайқасы деген атаумен мәңгі қалды. Аталған сұрапыл соғыс отыз алты күнге созылып, қазақтың толық жеңісімен аяқталған екен.

Бір қызық ақпарат, Сәрке баһадүр майданда ерлікпен қаза тапқан сәтте Қарқара апасы Сәркеге бата жасап, төркін жұртына көңіл айта келеді. Сол сапарда Сәркенің Пір Мүсірәлі сыйлаған жасыл туын қайтып қалап алып қайтыпты.

Кейін аңыз-әңгімелерде Қарқараұлы Барақ батырдың «жасыл тулы» атануының сыры да осында екен. Осы тұрғыда Барақ батыр Сатыпалдыұлы «Барақ» дастанында мынадай жыр жолдарын айтады:

«Кіші жүздің ішінде
Табын дейді затымды.
Сатыпалды баласы
Барақ дейді атымды.
Шешемнің аты Қарқара
Жібермен жауға ақымды.
Алты Алашқа белгілі

Нағашым Сәрке батыр-ды, – деп өз жұрты мен нағашы әулетінің қадір-қасиеті мен күш-қарымын жеткізген екен.

С.ЖҰМАДІЛДАЕВ

ЕГЕМЕНДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ

Елдіктің тұмары Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толып отыр. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін дәлелдейтін маңызды белес. Бір қарағанда отыз жыл қас-қағым сәттей болып көрінуі мүмкін. Дегенмен бұл біз үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Қаншама уақыт «Тар жол, тайғақ кешуді» бастан өткерген қазақ халқының маңдайына қонған бағы. Тарихсыз болашақ жоқ. Өткенге көз жүгіртпей, келешекке батыл қадам жасай алмаймыз. Ұлан-ғайыр жері бар, байырғы бабалардың өнегелі ізі мен өміршең сөзі бүтін бітімімімен жүйелі қазынамызға айналды. Ендеше сондай ұлағатты ұрпағы бар қазақ халқы – Ұлы халық. Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі. Біз алып кеңістікті ен жайлап, еркін билеп төстеген айбарлы халықтың жалғасымыз. Жаңа Қазақстан аз уақыт ішінде халқымыздың сан ғасырлық арманын ақиқатқа айналдыра білді. Рухы биік, еңсесі тік, еңбегі ерен, бірлігі мығым мәңгілік елдің мәртебесі асқақ болуы үшін бізді үлкен мақсат жетелейді. Ұлы мұратқа жету жолында бәрімізді тәуелсіздіктің ұлы рухы біріктіре түседі. Бойымызға қуат беріп, сенімізді нығайтады.

Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егеменді елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары мен өмір салттары өзгеше. Ғылым қуып, білім іздеген жалынды жастардың алға қойған мақсаты айқын, қадамы нық. XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Білім мен технология ел дамуының басты қозғаушы күші бола алады. Ұлы Абай атамыз «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсеменен оздым деудің бәрі ақымақтық» деген. Олай болса, еліміздің ұлттық байлығын еселей түсетін әрбір жас буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігі бізді қуантады. Бұл егемендік ұғымының жастардың санасына берік орнықканының дәлелі. Бірақ, тәуелсіздік құндылығы олардың жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі тиіс. Басқа бақыттың қонуы бір бөлек, сол бақытты бағалай білу бір бөлек. Біз Тәуелсіздігімізге тәу етіп, тәубе деп, тәуекелмен бет түзеп келеміз. «Дамудың сыры – бірлікте, табыстың сыры – тірлікте» демекші, мызғымас мемлекетке айналамыз десек, жұдырықтай жұмылғанымыз дұрыс. Табысқа тоқмейілсімей, Тәуелсіздікті кейінгі ұрпаққа кемелді ету – ортақ парыз.

Тәуелсіздік толғауы жас ұрпақтың жадында жаңғырып, биік рухы әрбір азаматтың жүрегінде тербелуі тиіс. Жарқын болашаққа қадам басып келе жатқан халқымыз үшін егемендігіміз мәңгі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Гауһар МОЛДАБАЕВА
Б.Ермекбаев атындағы №271
орта мектебінің директоры

Басы 1-бетте

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ТУБЕРКУЛЕЗБЕН КҮРЕСКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Жыл сайын елімізде туберкулезбен күрес қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл тұрыда үкіметтік емес ұйымдар да өз үлесін қосуда. Өткен жұмада «Сұлтан Плаза» қонақ үйінің мәжіліс залында «Белая ромашка» қоғамдық бірлестігі жыл бойы атқарған жұмысы және алдағы жоспарымен бөлісті.

Бұл ұйым былтыр елімізде тіркелген 335 адамның 31-ін анықтаған. Бірлестік көбіне әлеуметтік әлжуаз топ арасында «Туберкулездің алдын алу» және ем тәртібін бұзғандардың толық ем алуын қамтамасыз етумен айналысады. Сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы жоқ адамдардың жеке құжаттарын қайта рәсімдеуге, арнайы мемлекет тағайындаған жәрдемақы алуға көмектеседі.

– Туберкулез қауіпті ауру болғанымен одан емделіп шығуға болады. Бүгінде елімізде бұл ауруды емдеуге толық мүмкіндік жасалған. Бұл орайда «Белая ромашка» қоғамдық бірлестігінің үлесі зор. Ұйым 2016, 2019 жылдары жергілікті бюджет есебінен грант ұтып алған болса, өткен жылы жаһандық қор есебінен грант иеленіп, арнайы бағдарлама бойынша жұмыс атқарды. Бірақ жаһандық қордың талабы бойынша жыл сайын бөлінетін қаржы көлемі азая береді. Тіпті келер жылы бөлінбей қалуы да ғажап емес. Сондықтан осы шаруаның алдын алу маңызды. Бұл бағытта жергілікті биліктің көмегі қажет. Қаржы бөлінген жағдайда бүгінге дейін жасалған шаралар далаға кетпей, жұмыс жалғаса берер еді, – деді ҚР ҰФҒО мониторинг және бағалау, эпидемиология, статистика және ақпараттандыру бөлім басшысы Панагүл Мәнерханқызы.

«Белая ромашка» өткен жылы жаһандық қордың «Халықтың осал топтары ішінде туберкулез, көптеген дәріге төзімді туберкулез және ТБ/АИТВ-ны бақылауда азаматтық сектордың рөлін күшейту» атты бағдарламасының грантын жеңіп алып, жоба бойынша біршама жұмыстар атқарды. Бағдарлама аясында қоғамдық қор координатор, әлеуметтік қызметкер, есепші мен 15 аутричтан тұратын топ құрды. Аутричтар қалалық емхана мен аудандарға бөлініп қызмет атқарған.

– Осы уақытқа дейін өңірдегі денсаулық сақтау басқармасы, бейімдеу орталығы және тұрғындармен тығыз байланыс орната отырып, жұмыс істедік. Ай сайын 50-ге жуық адамға сауалнама жүргізіліп, ауру туралы ақпаратпен таныстырылды. Жүйелі атқарған жұмыстар нәтижесінде жүздеген науқас тексеруден өтіп, есепке алынбағаны есепке алынды. Сондай-ақ 5 науқасқа жеке куәлікті рәсімдеуге көмек беріп, 7 науқас бейімдеу орталығына орналасты. Келер жылы да осы жұмыстарды жандандырып, індеттің алдын алуға үлес қосқымыз келеді. Алайда ол үшін қаржылық демеу қажет. Себебі жыл бойы аймақтағы туберкулезді жұқтыру көрсеткішін азайту, оның алдын алу үшін тұрғындарды ақпараттандыру, ауруға шалдыққандарды жазылғанша қадағалау күш пен қаржыны қажет етеді, – деді «Белая ромашка» ҚБ физиатры Гүлшат Раханбердиева.

Биылғы жылдың 10 айында 3520 адамға сауалнама жүргізілген. 109 пациентке психологиялық көмек беріліп, емін үзген 44 науқастың 42-сі емге қайта қосылған. Жалпы кеңестің негізгі мақсаты – туберкулезбен күрес саласындағы үкіметтік емес ұйымның қызметі және қоғамға қауіп төндіретін аурулардан билік пен халықтың хабардар болуын қамтамасыз ету. Екіншісі жергілікті бюджеттен «Белая ромашка» қоғамдық бірлестігінің «Туберкулез, ТБ/АИТБ/Ковид саласындағы күрес» жұмысына гранттар бөлу мәселесі. Сол арқылы туберкулезден айығып шыққандар санын арттыру әрі барлық адамға бірдей көмек беріп, ауруды жұқтыру қаупін азайту.

А.БАЙ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

ШАТТЫҚТЫҢ ҮҢГІРІ

деректі әңгіме

Күн көкжиекке еңкейе бере мотоциклдің тырылдаған дыбысы естілді. Артынша өзі де көрінді. Жалғыз аяқ «ИЖ-планетаға» міңгескен екеу. Туралап тартып, үңгірдің аузына іркілді. Қираған төбесін қайта қалпына келтіріп қойғаны оңды болар ма! Олар сезіктенбестен үңгірге кіріп-кіріп кетісті. Барысбек орнынан ұшып тұрып, оң қанатта отырған Шайзатқа белгі берді де, өзі дамбыдан төмен қарай бір-ақ секірді. Қарсы беттен Бектай мен күдіктіні Жалағашқа жеткізіп салып, кідірмей кері қайтқан Рақым жүгіріп келе жатыр. Үңгірге кірген екеу түк таппай тысқа қайта шыққанда, қарсы алдарында төрт адам тұрғанын көріп, сасып қалысты.

– Жігіттер, қалайсындар? – деді Барысбек жайбарақат.

Анау екеуі жауап қайтара алмай, қипақтай берген.

– Мына пішенді орып алсақ па деп едік, – деді Шайзат иегімен қашыртқы жақты нұсқап. – Белгі салып қойғандар бар екен ғой.

– Пішен... – деді шашы қудай боп ағарып кеткен ересегі Шайзат нұсқаған жаққа қарағыштап. – А-а, пішен бе. Ора беріңдер. Шатағымыз жоқ.

Мотоциклге қарай ұмтылған оны Барысбек кідіртіп:

– Сен ақбас Қайырбек емессің бе? – деді. Анау сонда ғана бұған жалт қарап:

– Ау өзімнің інім екенсің ғой. Бәсе, шырамытам! Барысбексің ғой, – деп екі қолын ұсына ұмтылды. Барысбек оның қолын ала бере әдіске салып, артқа қайырып қалды да, білегіне сарт еткізіп темір кісенді кигізіп жіберді.

– Мені ұмытпапсың ғой!

Ақбас Қайырбектің көзі алақтап кетті.

– Қайдан ұмытасың... Қармақшының бәрі таниды сені. Ау, Бәке, Барысбек, тоқташы. Мынауың не? Біз не істеп қойдық? Келісейік те. Бір ауылданбыз. Ағайынбыз.

Шайзат пен Бектай жанындағы жас жігітті де кісендеп үлгеріпті.

– Амал қанша. Жұмыс осылай, – деді Барысбек ақбас Қайырбектің білегіндегі кісенді сілкіп көріп. – Қазір ыровыдыға барамыз. Сонда сөйлесеміз.

***

– Далдабайға неге келдіңдер? – деді Барысбек Ауандық ішкі істер бөліміне әкелген соң ақбас Қайырбекті алдына келтіріп.

– Бәке, келісе алмаймыз ба сонда? Өзіңнен үміттеніп ем.

– Келісу үшін бәрін айтып беруің керек қой.

– Айтам ғой... құтқара гөрші. Аман шықсам...

– Қайреке, алты жас үлкендігің бар ағамсың, шыныңды айт. Кімге алып келдің азық-түлікті? Шаттыққа ма? Шаттық жататын жерінде жатыр. Канал басында ұсталған. Оған бола енді қам жемейақ қой. Каналдың ішіндегіні көрдік. Одан да өзіңді кім жіберді, соны айт? Бәлкім танып қалармын.

Ақбас Қайырбек дем жетпегендей өкпесін қағып, селкілдеп кетті.

– Танисың, – деді сосын. – Бектібай, кәдімгі Бектібай ше? Менің кластасым. Екеуміз де елу төртінші жылғымыз ғой.

– Сол ма басқарып, ектірген?

– Сол, – деді Қайырбек еңсесі түсіп. – Біз барып кел, шауып келдің адамымыз.

– Тағы кімнің қатысы бар бұған? Түгел айт!

– Шаттықты өзің біліп отсың. Сосын қасымдағы бала... Әскер... Бектібайдың інісі, Түктібай бар еді. Ол бірақ...

– Не бірақ? Айта бер, бөгелме.

– Айтсам, бір айдай болды-ау, Түктібай жоқ боп кетті. Шаттықтың қасында еді.

– Осы бесеуің ектіңдер ғой сораны? Әлде тағы біреулер бар ма?

– Не ғой, иә, бесеуміз ғой. Сосын Шаттық пен Түктібай басында қалған. Сол... жоқ боп кетіпті. Шаттық айтат Қызылордаға кеттім деп кетті деп. Білмедік не болғанын.

– Түсінікті. Кінәңді біліп тұрсың ғой.

– Білем ғой, білем. Біз пешкамыз. Соны ескерерсің, інім!

***

Тысқа алып шыққанда төбеден төнген шақырайған күн түнімен қараңғыны қарманған көзін қарықтырып жіберді. Қай мезгіл екенін топшылай алмай, тізесі дірілдеп, тәлтіректеп құлап қала жаздағаны содан. Оның үстіне қарны шұрылдап, мазасы қашсын. Бірақ оны емес, ендігі өмірі не боларын ойлағанда іші жиіді сала береді. Артқы есіктен шығарған екен. Өзін дедектетіп айдаған сержанттың алып келген жері аулада тұрған терезесі торлы «УАЗ». Есігін ашып, иегімен ішті нұсқады. Бұл созалаңдап мініп жатыр. Есігін тарс бекітті. Іште үп еткен леп жоқ. Пысынап сала берді. Темір торлы терезеден көрінген тыстағы еркін тіршіліктің енді өзіне түк қатысы жоғын ойлағанда жон арқасынан суық тер білінді. Полиция ғимаратының ауласына тағы бір темір торлы көлік кеп тоқтағанын көріп отыр. Қолдары кісендеулі екі адамды айдап сержант келеді. Таныды. Ақбас Қайырбек пен Әскер. Оның соңын ала тағы біреуін алып шықты. Ол да көзіне оттай басылды. Бектібай ғой. Бәрі ұсталыпты. Осы сәт көңілінде қанағаттанарлық бір сезімнің пайда болғаны. Егер әшкере болған жағдайда, Бектібай орға жалғыз бұны итеріп тастап, өздері сүттен ақ, судан таза боп, құтылып кете ме деп қауіптенетін. Сүйенер тіректен ада жетім жанның көретіні сол ғой. Барлық жазаны жалғыз адамның арқалап кеткені әділдік пе?

Машина орнынан қозғалып кетті. «Қайда апарар екен? Әй, енді бәрібір, қайда апарса, онда апарсын. Көрмегені түрме емес. Көктемде Бектібайдың ұсынысына келіскенде басын бәйгеге тігіп, не зауалға да тәуекел етпеді ме? Бектібайдың өзі төрт рет сотталған. Мынау бесінші. Түрмеден адам өлетін болса, әуелі осы Бектібай өлер еді! Дегенмен... әттең-ай, бір күн ерте қимылдағанымда ғой, шу қарақұйрық, ұстатпай кетер едім-ау» деп ойлады өкініштен өзегі өртенген Шаттық.

Жалағаштың көшелері түгесіліп, сортаң далалық басталды. Жол бойы селдіреген жыңғылды тоғай зымырап артқа жүгіреді. Ара-тұра кезіккен жантақты алқап көз алдында шыр көбелек айналып артта қалып жатыр. Бір кезде әспәлт жол түгесіліп, машина солға бұрылды. Толқынға тап келген қайықтай, даланың қара жолымен терезесі торланған «УАЗ» қайқаңдап келеді.

***

Өмірдің осылай ілезде құбылып, асты-үстіне түсе салуы мүмкін екенін ойлағанда жүрегі мұздап кететін. Сол күн бүгін туды. Таң ата жанына Жосалының екі-үш полициясын ерткен Барысбек үйге келіп тұр.

– Бектібай сенсің бе? Бектібай болсаң, бізбен бірге ыровыдыға барасың, – дейді.

– Не болды, жігіттер? Жайшылық па? – дейді бұл сыр алдырмай.

– Жайшылық, – дейді Барысбек.

Қайдағы жайшылық? Полицияның жайшылықпен жүрген күні бар ма? Қолына кісен түсті. «Ыровыдыға барған соң білесің» болды жедел уәкілдің жауабы. «Не білетіні бар? Жаздай еткен еңбектің зая болғанын ба? Дәл сол жерге адам баласы аттап аяғын баспайтын еді. Былтыр азғантай егіп байқаған. Ал биылғы сепкеннен көктеп шыққаны елу үш мың түп. Соның жартысын жинап алғанның өзінде қыруар байлық. Қазір қара базарда келісі бес жүз доллар. Көзден бал-бұл ұшты-ау соның бәрі!»

Қармақшы полициясына апара ма деп үміттеніп еді, жо-оқ, Жалағашқа тартты. Секем алып қалғаны содан. Барысбекпен келісу қиын екенін біліп келеді. Оның Жалағашқа ауысып, Қармақшыдан қарасын батырғанына екі жыл болған. Ол кеткенде осындағы сен тұр, мен атайындар қуанып, той жасап жібере жаздап еді. Сонда да болса үмітті. Келісім сұрамақ. Не көріпті, бір топырақта өсті. Ағайыны әлі де осында. Бірақ ол ойынан тез айныды. Келісім өтіну, мойындағанмен тең. Сондықтан сыр бермеу керек. Ана балдар сөзсіз мені көрсетеді. Көрсетсе көрсетсін, жала жауып тұр десе, дәлел таба ала ма?

Күн арқан бойы көтерілгенде абақтыға әкеп қамады. Содан шығарып тұрғаны осы.

***

Іркес-тіркес қозғалған оншақты машина Шаттықтың үңгіріне келіп тізгін тартысты. Әуелгі көліктен Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Жетпіс Қошқаров, оның жедел істер жөніндегі бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Барысбек Ахметов, қылмысты іздестіру бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Шайзат Жүнісов, аудандық прокурор Бексұлтан Аралбаев түсті. Олардың соңын ала тергеуші Оңталап Маханбетов, бірнеше жедел уәкіл мен бейнекамера арқалаған криминалист жігіт келіп жетті. Әлбетте, мұндай ауыр қылмысқа куәлер, әсіресе жедел уәкілдер көбірек жиналғаны абзал. Олар қаншалықты мол жиналса, соншалықты көбірек болжамдар жасалады. Бұрын ашылмаған өзге қылмыстарға да соқпақ осындайда салынуы әбден мүмкін.

Төрт айдауылға қосақтап кісенделген төрт күдікті үңгір алдына келтірілді. Бектібай «менің кінәм жоқ» дегендей кеудесін керіп, еңсесін тік ұстайды. Шаттықтың көзі жалт-жұлт етіп, маңайындағыларға өшіге қарайды. Ақбас Қайырбек пен Әскердің еңселері түсіп кеткен. Олардың бұлайша жүнжіген себебі Барысбекке ғана мәлім. Бұл екеуі бұрын түрме көрмеген. Зәрелері зәр түбіне кетіп тұрғаны сондықтан.

– Қарасораны сен басқарып ектіріпсің. Әңгімеңді басынан бастап айт, – деді Барысбек Бектібайға сұрақ қойып.

– Мен басқарған жоқпын, мен ектірген жоқпын, – деді Бектібай бірден басын алып қашып.

– Мыналар сен дейді ғой.

– Олар жала жауып тұр. Бұрын наша шеккенім рас. Нашамен сотталғаным рас. Сондықтан бұларға «ұсталып қалсаңдар, Бектібайды көрсетіңдер» деп үйретіп қойған. Қазір мен нашадан тазамын, – деді Бектібай.

– Қайырбек, сен сөйле. Далдабайға Әскер екеуің неге келдіңдер?

– Шаттыққа ірәжки, май... азық-түлік әкелдік.

– Кім жіберді?

– Шаттық аш жатыр ғой.

– Кім жіберді деймін?

– Енді...

– Кеше Бектібай жіберді деп едің ғой.

– Қашан жібердім сені? – деді осы арада Бектібай киіп кетіп.

– Беке, сен не, – деп сөзге Шаттық араласты. – Жібергенің рас. Кетсек бәріміз бірге кетуіміз керек. Ұйымдастырып ектірген сен ғой.

– Пашол тый, – деп жекірді Бектібай орысша сөзді қазақтың жалпақ тіліне салып. – Бәрі келісіп алған мені айтуға. Сөйдеп айтқызып отыр біреу.

– Әскер, сен не дейсің, кім жіберді?

– Бектібай аға жіберді.

– Әне, көрдіңдер ме? – деді Бектібай күліп. – Әй, жігіттер, өйдеп нақақ күйдірмеңдер адамды.

– Сораны егуге кімдер келді? Шаттық, сен айт!

– Бектібай бәрімізді әкелді. Қайырбек, Әскер сосын мен.

– Әскер, рас па?

– Рас. Сосын Түктібай аға.

– Айтпақшы, сенің Түктібай інің болыпты ғой, – деді Барысбек Бектібайға бұрылып.

– Өтірік айтат. Ол Қызылорда жақта... жұмыста...

– Сен Бектібайдың кластасысың ғой. Ашығын айтшы, – деп ақбас Қайырбекке бұрылды.

– Рас. Әуелі осында еді. Шаттықтың қасында. Кейін Қызылордаға кетіп қалыпты. Шаттық солай дейді.

– Қашан кетті қалаға?

– Бір ай бұрын, – деді Шаттық.

– Сонымен еккен сендер. Кәне, көрсетіңдер, егіндеріңді!

Шаттық пен ақбас Қайырбек алға түсті. Қалғандары соңынан қозғалды. Арна түбіне барғанда Шаттық сораны қалай жабылып еккенін, құдықты қалай жабылып қазғанын баяндады. Қайырбек пен Әскер оның сөзін растап, мақұлдаумен шектелді. Бектібай болса сораға қатысы жоқтай сазарып алған.

– Орып алған қарасораны кешегі жауабында кәріс алып кетті деп едің, – деді Барысбек бері шыққан соң. – Кәріс емес, Бектібай болып шықты ғой басқарушың.

– Кәріс деді ме? – деп елең ете қалды Бектібай. – Әуелі шынын айтқан екен. Әй, мен қашан алып кеттім?

– Білмеймін. Мен жоқта біреу жинапты. Мүмкін өзің шығарсың алып кеткен.

– Дамбаның топырағы бұзылған жер бар екен. Сол жерді қазу керек, – деді әңгімеге араласпай үңгір маңайын асықпай барлап келген Шайзат.

– Өзіне қаздыр, – деді полковник Жетпіс Қошқаров.

Шаттық Шайзат көрсеткен жерге күректі ықылассыз батырып, қаза бастап еді, топырақ астынан қара түсті шалбар шықты. Екі балағын, белін түйіп тастаған. Томпайып тұр.

– Әне, – деп қуанып кетті Бектібай. – Ішіндегісін қара. Шөп қой. Бектібай алып кетті деген шөп. Жала жауып тұр демедім бе?

– Білем мен сенің пиғылыңды! – деді Шаттық Бектібайға түйіле қарап. Күректі білемдеп ұстап алыпты. Еркіне қоя берсең, қолындағысымен жіберіп ұрардай. – Жұмысыңды істетіп алып, орға итере салайын деп тұрсың ғой.

– Сөзді тоқтат! Тағы қайда көмдің шөпті? Көрсет! – деді Барысбек оны желкесінен нұқып.

Ол құрғақ топырақ астына жасырған қазынасының бірнешеуін тауып берді. Қолына түскен киімге, пакетке сала беріпті. Тағы бір шұқырдан омыртқа, қабырға, жіліктің басы сияқты сүйектер шықты.

– Мынау ненің сүйегі? Қайырбек, сендер ет әкеп пе едіңдер?

– Жазда қайдағы ет?

– Мына бір сырыққа ет жайған сияқты ғой. Майы сіңіп қалыпты. Осы маңнан мал ұрлағансың ғой, – деді прокурор Бексұлтан Аралбаев. Шаттық оған жауап бермеді. Шайзат содан соң Шаттықты шоқ жыңғылдың сыртындағы ойпаңға алып келіп:

– Енді мына жерді қаз, – деді бұрын қазылғаны байқалып жатқан тұсты нұсқап. Шаттық кібіртіктеп, кісендеулі қолындағы күрекке сүйеніп сілейіп тұрып қалды. – Не қып тұрсың, қаз кәне!

– Бұл арада шөп жоқ, – деді ол бәсең сөйлеп. – Шөп басқа жерде.

– Сонда да қаз!

– Жоқ, қазбаймын! – деді Шаттық қолындағы күректі тастай салып.

Шайзат ақбас Қайырбекке иек қақты. Ол күректі қолына алып, қазуға кірісе бергенде Шаттық:

– Қазба деймін саған! Болмайды қазуға! – деп, кенет жанұшыра айқайлап жіберді. – Ол арада Түктібай жатыр! Түктібай!

Қайырбек оның айқайына қарамай, бұрқылдатып қаза берді. Топырақ астынан қаракөк алашаның шеті көрінді. Орауын жаза бастағанда өлексенің күлімсі иіс мүң ете қалсын. Анықтап қараса адамның иістеніп, бұзылған бас сүйегі. Алақаны мен табанын қоса орапты. Аяқты тобықтан ажыратқан, қолды білезіктен бөлген. Куә болғандар бір сәт аңтарылып, тым-тырыс тұрып қалыпты.

– Кім өлтірді мұны? – деді Барысбек үнсіздікті бұзып.

– Бәрі өзінен. Конопляның жапырағын қуырып жейді де құтырады. Маған тиіседі сосын... қолымды бұрап, пышақ тақайды... өлтірем дейді. Сосын... мен де жедім сюзьмадан. Мылтықты оқтағанымды білем. Есімді жисам, жайрап жатыр, – деді ол ақтала сөйлеп.

– Қалған денесі қайда?

Шаттықтың екі көзі қып-қызыл боп қанталап шыға келді. Шықшыты ойнап, тістеніп алған. Айнала жауап күткен жандарға ішіп-жеп қарайды.

– Жеп қойдым! – деді сосын ысылдай сөйлеп. – Қуырдақ қып қуырып жедім! Тағы не айтайын? А-а! Тағы не керек сендерге?

– Бұл Түктібай емес, Түктібай Қызылордада, – деді Бектібай әлде де міз бақпай.

– Сен құтылып кетем деп ойлама! Төрт ай аш жүрдім сенің кесіріңнен. Ініңнің етін жегіздің маған. Омыртқасы жатыр анда.

– Тап әкеңнің аузы... Жауыз! Қалай жедің ағаңды? – деп ақбас Қайырбек оған кіжіне қарады.

– Боқтама! Сен де жегенсің! Қуырдақ есіңде ме? Өткенде мен қуырып берген. Әскер де жеді. Әй айтсай сен, Әскер! Тұзы ащылау болып еді ғой.

– Шімірікпей қалай жедің адамның етін? – деп қалды сол арада біреу.

– Менің орнымда болсаң, сен де жейсің! – деп Шаттық әлгіге тісін қайрап, өшіге қарады. – Үш ай ет татпасаң, көрер ем жемегеніңді!

Осы кезде арнаны жағалап, шоқытып желген салт атты көрінді. Жұрт ошырыла соған қарасты. Тамыз айы түгесілмесе де, үстінде жұқа шапан, басына делиген қалың қара қалпақ. Жуықтаған соң аттан түсіп, бері беттеді. Аяғында керзі етік. Кебірге біткен аласа бұталарды бырт-бырт жаншып басады. Сақшы сержанттар оның жолын бөгеп жатыр. Анау жөнін айтқан болу керек, сержанттың біреуі бері жүгірді.

– Жылқы іздеген Қызылтамның адамы екен. Жоғын тауыпты. Қамыстың арасына матап тастаған дейді. Полицияның машинасын көріп бұрылдым дейді, – деп баяндады ол.

Барысбектің ойына осының алдында ғана қармақшылық әріптесі, қылмысты іздестіру бөлімшесінің бастығы Марат Есіловтің жылқы ұрлығына байланысты телефонмен айтқан хабары сап ете қалды. «Қызылтамнан шыққан жылқының ізі Далдабай жағына барғанда жоғалып кеткен» деп еді ол сонда. «Мынау сол болып жүрмесін?» деп ойлады. Жоқ қараған адамға жақын барып:

– Тапқан жылқыңызды бері алып келіңіз, – деп тапсырды. «Мыналардың сыбайласы емес пе екен?» деген қауіпті де ойлап қойды. Ол ұзай бере соңына аңду салғаны содан. Сонан өз-өзіне келе алмай тұрған Шаттыққа қайта төнді.

– Сенің тағы бір қылмысың ашылды. Жылқы ұрлапсың ғой!

Шаттық салт атты кеткен жаққа жалтақ-жалтақ қарап:

– Жылқыда шатағым жоқ, – деді міңгірлеп.

– Шатағың бар ма, жоқ па, қазір көреміз.

Бұжыр бет, шалғы мұрт жігіт ағасы сәлден соң бірі қаракер, екіншісі бозқасқа – қос атты жетегіне алып, салып ұрып жетті. Қаракер ат ерттеулі. Бөктеріншекке кенеп қап таңған.

– Мынау менің атым! – Бұжыр бет қаракерді нұсқады. – Үш күн болды, қаңтарып қойған жерден алып кетіпті. Ер менікі, ал мынау қапты... білмедім.

Қапты ақтарғанда ішінен бірер киім, су толы бес литрлік бөтелке, ыдыс-аяқ, бір дорба нан шықты. Оның астында қураған қарасораны нығыздап салып тастаған.

– Шөпті неге көмген десем, дайындалған екен ғой, – деді Шайзат басын шайқап.

Барысбек қаптан шыққан киімдерді аударыстырып қарады да, ақбас Қайырбектің алдына тастады.

– Кімдікі мынау? Тек шыныңды айт.

– Әй, мынау сенікі ғой,– деді ол Шаттыққа қарап.

– Қос атпен қайда кетпек болдың? Айт кәне? – деді Барысбек шүйілігіп.

Ол айтсам ба, айтпасам ба дегендей, подполковникке көзін тігіп, бір ауық сазарып үнсіз тұрып қалды да:

– Айтпасам да болатын еді, бірақ ішіме сыймай барады, – деді дауысы қалтырап. Көз жанырына жас толып шыға келіпті. – Мынау, Бектібай мені жетім деп пайдаланып жүр. Іздейтін ешкімі жоқ деп. Иә, мен жетіммін. Әке-шешем үш жасымда өліп қалған. Бұл өмірден еш жақсылық көрмедім. Мыналар үй алатын ақша берем деген. Соған сеніп келдім. Сөйтсем бұлардың пиғылы басқа екен, – деп бөгелді. Танауын тартып, көзін саусағымен сипап өтті. – Түктібай айтты... бір рет сюзьма жегенде, «егінді жинап алған соң сенің көзіңді құртамыз» деп. Сосын... мен... одан да өзім ертерек жоқ болайын дедім. Тамды жаққа өтіп кетем бе деп...

Кемсеңдеп жылап жіберді. Өксіп-өксіп жылады. Көз жасы тарам-тарам болып төгілді.

– Кешіктім! Бітті! Бітті бәрі! Маған енді өмір жоқ, – деп полиция офицерлеріне жасты көзін жағалатып, тізерлей кетті. – Мені сотқа жібермендерші, ағалар! Мен алданып қалдым? Оңбай алдандым!

Барысбек кісендеулі қолын алға созып, жалбарына бастаған Шаттықты қолтығынан демеп тұрғызды.

– Тый жасыңды! Еркек емессің бе? – Жетелеп апарып, терезесі темір торлы «УАЗ»-дың есігін ашты. – Өмірді қайтадан бастау ешқашан кеш емес. Қолыңмен істегеніңді иығыңмен көтеруің керек! Кәне, отыр мұнда!

Шаттық танауы қусырылып Барысбекке бір қарады да, темір қорапқа сүңгіп кетті.

Машина орнынан қозғалғанда өзі төрт ай мекен еткен үңгірдің лаулап жанып жатқанын көрді.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
жазушы, республикалық «Таң-Шолпан» әдебі-көркем, көпшілік журналының бас редакторы,
ҚР Мәдениет саласының үздігі.
Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,
полиция полковнигі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы,
«ҚР Ішкі істер органдарының Құрметті қызметкері».

Соңы. Басы өткен санда.

COVID-19:
САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ



Соңғы мәлімет бойынша, елімізде «Pfizer» вакцинасының 1 дозасын 126674 адам салдырды. Ал 15 қараша мен 5 желтоқсан аралығында Қызылордада 8033 адам аталған вакцинаны алды. Оның ішінде 6068 жасөспірім, 919 жүкті, 1046 емізулі ана бар. Сондай-ақ халық арасында қайта ревакцинациялауда қарқынды жүріп жатыр.

Қазіргі кезде пандемияға байланысты орын алған дағдарыс бүкіл әлемге, сондай-ақ Қазақстанға медицина, білім беру, әлеуметтік салаларды дамытудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Елде төтенше жағдайдың алғашқы мерзімінде осы салалардағы ұйымдастыру жұмыстары, технологиялық жабдықтау мәселелері бойынша біршама олқылықтың болғаны белгілі.

Осы орайда денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыру бойынша, төтенше жағдайда жедел әрекет ету бағытына түбегейлі өзгерістің қажеттігі туындады. Десе де сын сағаттарда медицина қызметкерлері аяқтан тік тұрып, күні-түні үйіне қайтпай жұмыс істеді. Алайда коронавирус инфекциясы алдағы уақытта тосыннан келген нендей жағдайға да сақадай сай дайындық керектігін көрсеткендей.

Бүгінде Сыр өңірі жасыл аймақта тұр. Дегенмен қауіп әлі де сейілген жоқ. Себебі 5 желтоқсан күні коронавирус инфекциясымен 4 жағдай тіркелді. Анықталған 4 жағдайдың 4-еуі симптомды. Оның біреуі инфекциялық стационарға жатқызылды. Қалған үшеуі үй жағдайында ем қабылдайды. Сонымен қатар 4 науқас емделіп шықты. 2020 жылдан бері коронавирус инфекциясымен аймақта 19338 науқас тіркелсе, 18786 адам емделіп шықты.

А.ҚАДЫРХАН

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ЗАҢСЫЗ АҢ АУЛАУ ТИЫЛМАЙ ТҰР

Әлде көзсіз құштарлық, әлде тегін өлжаға қарық болуды көздегендік пе, өңірде заңсыз аң аулау оқиғалары тиылмай тұр.

Жаңақорған ауданы Кейден ауылының батыс жақ беткейінде орналасқан «Қара сопы» деп аталатын жерде түнгі уақытта тәртіп сақшылары жабайы қоянды заңсыз аулаған Жаңақорған ауданының үш тұрғынын ұстады. Заттай дәлелдеме ретінде браконьерлерден 12 калибрлі 2 аңшылық мылтық, прожектор мен қояннның еті алынды.

Қазіргі кезде аталған заңсыз аңшылық дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеті жүргізіліп, оқиғаның барлық мән-жайы анықталуда.

Аймақ полицейлері азаматтарды табиғатты қорғауға шақырады және жабайы жануарлар мен өсімдіктерді, оның ішінде Қызыл кітапқа енгізілгендерді заңсыз аулағаны үшін жауапкершілік қарастырылғанын еске салады.

БҰҒЫНЫП КЕЛІП, ТЫҒЫЛЫП ЖҮРГЕНДЕР АНЫҚТАЛМАҚ

ҚР ІІМ нұсқауына сәйкес биылғы жылдың 6-12 желтоқсан аралығында облыс аумағында «Заңсыз келуші» атты жедел-профилактикалық шара өткізілуде.

Бұл шараға Қызылорда облысы ПД қызметкерлері арасынан мобильді топ құрылып, облыс аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау басталды. Алдағы уақытта әкімшілік жауапкершілікке тарту, іздеуде жүрген қылмыскерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп рейдтік іс-шаралар жүргізіледі.

ҚЫЛМЫС АШУ, ҚЫЛМЫСҚА ТҰСАУ САЛУ

Бүгінде қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыстық полиция департаментінің қызметкерлері күшейтілген тәртіпте қызмет атқарып жатыр. Нәтижесінде бір тәулікте 9 қылмыстың беті ашылды. Мәселен, тегіс ұңғылы атыс қаруды заңсыз алып жүрудің 3 дерегі анықталып, профилактикалық есепте тұратын барлығы 328 адам, жалға берілетін 31 пәтер тексерілді.

Полицейлер жүргізген шараның бір күнінде 351 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталды. Оның ішінде спирттік ішімдік ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу дерегі бойынша – 21, көлік құралын басқару құқығынан айрылған жүргізушінің көлік құралын басқаруы – 3, ұсақ бұзақылық – 20, кәмелетке толмаған заңды өкілінсіз түнгі уақытта жүру – 23, автокөлікті масаң күйінде басқару – 5, жолдың қарсы бағытына шығу бойынша – 2 құқық бұзушылық анықталып, тиісті шаралар көрілді. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ
Мәліметтер облыстық полиция департаментінен алынды

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 **Тапсырыс №1776**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ